

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорымен есеп айырысу жөніндегі елеулі кемшіліктер мен қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 5 қазан N 1306. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.07.31. N 1194 қаулысымен. ~P971194

Республиканың жекелеген аймақтарындағы зейнетақылар мен жәрдемақыларды уақтылы төлеу мәселесі жөніндегі жағдай жөнсіз деп танылды. Мұның өзі жалпы мемлекеттік проблемаларды шешудегі аймақтық және ведомстволық өзіншілдіктің, Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорының қызметі мәселелері жөнінде үкімет шешімдерінің жергілікті жерлерде орындалуының салдары болып табылады. Міндетті мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға қаржы аударудан жалтару жаппай сипат алды, Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорының қаржысынан жәрдемақылар және басқа да бюджеттік төлемдерді төлеу жөніндегі берешектер өтелмеуде, зейнеткерлер мен жәрдемақы алушылардың алдындағы қарыз өсуде.

Зейнетақылар мен жәрдемақыларды уақтылы төлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

I. Облыстардың, Алматы қаласының әкімдері мынаған міндеттелсін: меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелердің басшылары Қазақстан Республикасының Зейнетақы қоры алдындағы қарыздарын өтеудің мүмкіндіктерін екі апта мерзімде іздестіріп, тапсын. Тиісті шаралар қабылдау үшін қарыздарының сомасы көрсетілген борышкерлердің жеке тізімдерін үстіміздегі жылдың 25 қазанына дейін Үкіметке тапсырсын;

облыстық қаржы басқармалары Қазақстан Республикасының Зейнетақы қоры алдындағы бюджеттік ұйымдардың қарыздарын үстіміздегі жылдың 1 қарашасына дейін қайтарып, үстіміздегі жылдың 1 қазанына дейінгі жағдай бойынша, балаларға жәрдемақыларды қоса, зейнетақы қорынан төленген төлемдердің толық мөлшерде орнын толтырсын;

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорынан алынған қаржының оған мезгілінен кешіктіріліп қайтарылған мұндай фактілерге алдағы уақытта жол берілмесін. Осы тапсырма орындалмаған әрбір нақты факті бойынша қызметінен босатуға дейін кінәлілерге неғұрлым батыл шаралар қолдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі міндетті әлеуметтік сақтандырудың жарналары бойынша Қазақстан Республикасының Зейнетақы

қоры мен олардың толық және уақтылы есеп айырысуды жүзеге асыруы үшін бюджеттік ұйымдардың республикалық бюджеттен уақытылы қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

3. <*>

Ескерту. 3-тармақтың 2-ші абзацы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1995.12.28. N 1600 қаулысымен. P951600_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.01.

N 447 қаулысымен. P970447_

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына толық мөлшерде ақша сомаларын аударуға төлеушілердің есепшоттарындағы қаржы жетпеген жағдайда Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорының орталықтандырылған есепшотына аударылуға жататын сомасын банктер бірінші кезекте төлейді.

Жалақы төлеу үшін ақша алынатын чектің екінші жағында Қазақстан Республикасының тиісті халықты әлеуметтік қорғау орталығының "Зейнетақы қорына сақтандыру шаралары бойынша берешегі жоқ" деген белгісі қойылса ғана банк жалақы береді.

Халықты әлеуметтік қорғаудың облыстық басқармаларына Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына дұрыс есептелмеген және толық аударылмаған сомаларды сақтандырушылардың есеп айырысу, ағымдағы және басқа есепшоттарынан сөзсіз /ықтиярсыз/ өндіріп алу құқығы берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қажет болған жағдайда өзінің нормативтік актілеріне тиісті өзгертулер енгізу ұсынылсын.

5. 1995 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының бюджеті мен Зейнетақы қорының берешектерін өзара өтеуді жүргізуге байланысты "Қазақстан Республикасының бюджеті мен Зейнетақы қорының берешектерін өзара өтеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 шілдедегі N 928 қаулысымен Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 қыркүйектегі N 328 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

